

**Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, 8D08101 – «Агрономия»
білім беру бағдарламасының докторанты
Абдразаков Ерлан Бекариповичтың
«Суармалы жағдайда майлы зығырды аңыздық дақыл ретінде өсірудің
ерекшелігі» тақырыбы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін
алу үшін дайындалған диссертациясына**

ПІКІР

Суға тәуелділік мәселесі мемлекетаралық және өңірлік қақтығыстардың (трансшекаралық өзендер) туындауына байланысты Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігіне қауіп төндіреді. Судың өткір тапшылығы, табиғи ресурстардың сарқылуы жағдайында ауыл шаруашылығын суды үнемдейтін технологияларға кешенді көшіру міндеті қойылды, жаңа технологияларды енгізу қажеттілігі, тұрақтылыққа баса назар аудара отырып, ұлттық бәсекеге қабілетті брендтер құру атап өтілді. Гидрогеологиялық-мелиорациялық экспедициялар жүргізетін жыл сайынғы суармалы жер мониторингінің нәтижелері қазіргі уақытта суармалы жерлердің 50%-дан астамының тұздану дәрежесі әртүрлі және 30%-дан астамының тұзды екенін көрсетеді. Сонымен қатар, суармалы жерлерде (су берудің 30-50%-на дейін) және елді мекендерде (10-30%-ға дейін) қалыптасатын дренаждық-ағызу және сарқынды сулардың орасан зор көлемі су көздерін ластайды және суармалы жерлер мен іргелес аумақтардың экологиялық-мелиоративтік ахуалын нашарлатады.

БҰҰ сарапшыларының пікірінше, ауыл шаруашылығы CO_2 -ден 300 есе жоғары жаһандық жылыну әлеуеті бар антропогендік азот оксиді шығарындыларының шамамен 60% құрайды. Азық-түлік өндірісі әлемдегі парниктік газдар шығарындыларының шамамен 30% құрайды. Қазіргі уақытта бұл шығарындылардың 21% ормандардың жойылуынан және ауыл шаруашылығының нәтижесі болып табылатын жерді пайдаланудағы өзгерістерден туындайды.

Ал, жұмыстың ғылыми жаңалығы, келтірілген мәліметтердің өзектілігіне қарап, Абдразаков Ерлан Бекариповичтың жұмысы PhD докторлық диссертацияларға қойылатын барлық талаптарға толығымен жауап береді. Жұмыс майлы зығыр дақылын аңыздық дақыл ретінде өсірудің технологиясын жасау және тамшылатып суару арқылы суармалы егістікте жылына екі өнім алудың технологиясын жасау, қажетті ғылымға қосылған үлес болып табылады.

Диссертация материалдары бойынша Абдразаков Ерлан 5 ғылыми мақала жарияланған, олардың ішінде: 1-Scopus ақпараттық-реферативтік қорындағы ғылыми-көпшілік журналында; 3-ҚР ҒБМ ғылым және білім саласындағы бақылау комитеті ұсынатын отандық басылымдарда; 1-халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда; 2-ҚР пайдалы моделіне патентке қосымша автор болып табылады.

Абдразаков Ерлан Бекариповичтың «Суармалы жағдайда майлы зығырды аңыздық дақыл ретінде өсірудің ерекшелігі» тақырыбындағы

диссертациялық жұмысы 8D08101 – «Агрономия» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

**Агрономия, селекция және
биотехнология кафедрасының
қауымдастырылған профессоры а.ш.ғ.к**

Досжанова

А. С. Досжанова